**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**ІІІ апта ( 16- 20 караша 2020 ж.)**

**Бекітемін:**
**Оку ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші: Абенова Б.К**

Өтпелі тақырып **«Дені саудың жаны сау»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды кабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу | **Тәрбиешінің балалармен карым-катынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, карым-катынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Дидактикалық ойын:**<br>Мозайка құрастыру.<br>**Мақсаты:** баланың ойлау кабілетін жетілдіру. | «Кім тез жинайды?»<br>Мақсаты: Көкіністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. | Сюжеттік рөлді ойындар<br>Аспазшы<br>**Мақсаты:** Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазша әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді. | **Дидактикалықойын:** «Тез, ақырын»,<br>**Мақсаты:** балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету. | **« Қателеспе»**<br>**Мақсаты**: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оку кызметі** | **1 . Сауат ашу:**<br>**Тақырыбы:**« Мектеп кітапханасында.<br>Т дыбысы мен әрпі»<br>**Мақсаты:** Т дыбысымен таныстыру. «Т»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Т» әрпін таныту; Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>**шаттық шеңбері**<br>Күштің көзі ашылсын,<br>Көкке шуақ шашылсын.<br>Амандасу үлкенмен,<br>Тәрбиешінің мәні ғой.<br>Алдыменен, халайық,<br>Амандасып алайық.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Өзі айлакер қу,<br>Жүрген жері айқай шу.<br>Түлкі<br>Әліппе-дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.<br>– Кітапхана деген не? (Балалар | **1. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Менің көршілерім.Артық. Кем. Сонша.»Мақсаты:**Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру /теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мәнін жалпылау.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Не қайда орналасқан?»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Педагог балалардан сұрайды: – Біздің топта қанша ұл бала оқиды? – Қанша қыз бала бар?<br>– Қайсысы көп екенін қалай білуге болады?<br>**Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ жауап.**<br>Педагог суреттегі ұл балалардын саны мен қыз балалардың санын есептеуді ұсынады. Балаларсанап, әліппе- | **1. Сауат ашу:**<br>**Тақырыбы:**« Менің айналамда кімдер бар?Менің отбасым. У дыбысы мен әрпі»<br>**Мақсаты**: У дыбысымен таныстыру. «У»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «У» әрпін таныту;<br>– Кәне, балалар барлығымыз отбасымызға жақсы тілектер тілейікші!<br>– Ата-анам ауырмасын!<br>– Үлкендерді сыйлайық!<br>– Анамызды ардайық!<br>Педагог балалардың назарын оқу қызметіне тарту мақсатында балалармен «Отбасым – берекем!» кимылды ойынын ойнатады.<br>Барлық балалар шеңбер жасап тұрады.<br>Педагогтің белгісімен отбасы мүшелерін | **1. Құрастыру:**<br>**Тақырыбы:**«Мен дәрумендер туралы не білемін?»<br>**Мақсаты:** Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ере желерін сақтау.<br>Психологиялық оң көңіл күй қалыптастыру<br>мақсатында ҰОҚ «Көгөністер көрмесі»<br>атты ойынмен басталады.<br>Тақтада<br>көптеген көгөністер суреттерінен көрме<br>жасап қойылған.<br>Тәрбиеленушілер базарға барғанда ата-аналарың қандай көгөніс<br>түрлерін сатып алады, естеріңе түсіріңдер.<br>Енді екі бала жұптасып отырады: бір- біріне<br>ата-анасы қандай көгөніс түрлерін сатып<br>алғандығы туралы бір-біріне айтады. Айтқан | 1.**Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:**«Жүрегімді тыңдаймын»<br>**Мақсаты:**балалардың жақсы қасиеттерін дамыту<br>Шаттық шеңбері.<br>«Біз өмірдің гүліміз» өлеңін айтады.<br>Зіңгір көктен,<br>Нұрын төккен,<br>Ортақ біздің күніміз.<br>Жайнап өскен,<br>Жайдары өскен,<br>Біз – өмірдің гүліміз. Шаттық шеңбері.<br>**«Біз өмірдің гүліміз» өлеңін айтады.**<br>**Зіңгір көктен,**<br>**Нұрын төккен,**<br>**Ортақ біздің күніміз.**<br>**Жайнап өскен,**<br>**Жайдары өскен,**<br>**Біз – өмірдің гүліміз.**<br>-Балалар, «Біз өмірдің гүліміз» өлеңінен не түсіндіңдер?<br>-Жақсы болу дегенді қалай түсінесіңдер? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұраққа жауап<br>береді. Педагог балалардың<br>жауаптарын толықтырып,<br>кітапхана туралы білімдерін<br>кеңейтеді).<br>Суреттегі заттарды атайды.<br>Т дыбысы естілетін сөздерді<br>атайды. Педагог т дыбысын<br>айтқанда тіліміз кедергі<br>жасап,тісімізге қатты тиіп<br>тұрғанын түсіндіреді.<br>Суретке қарап, т дыбысы бар<br>зат атауларын ата.<br>Кітапхана мен кітап дүкенінің<br>қандай айырмашылығы бар?<br>Балалар өз ойларын айтып,<br>педагог толықтырады.<br>2-тапсырма. Педагог суретте<br>берілген 4 кітаптың мұқабасын<br>көрсетеді. *Мұқаба* сөзінің<br>мағынасын түсіндіреді.<br>Балалардан мұқабадағы<br>суреттер туралы сұрайды.<br>Мұқабадағы суреттерге қарап<br>кітаптың не туралы екенін<br>түсінуге болатынын айтады.<br>Бұл кітаптар не туралы деп<br>ойлайсыңдар?<br>Балалар кітаптардың<br>мұқабасында салынған<br>суреттерге қарап, кітаптарға<br>атау береді.<br>Мысалы: «Жер шарын аралаған<br>робот», «Ит<br>сүйекті жақсы көреді», «Түлкі<br>мен түйе»,<br>«Киттің ойыны».<br>– Өзің қай кітапты таңдар едің?<br>Кітаптың атауларын қайталай<br>отырып, Т<br>дыбысы естілетін сөздерді<br>ажыратады. Т<br>дыбысы естілетін сөздерді<br>буынға бөледі.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс. Көк<br>түсті<br>дөңгелекпен белгілейміз.<br>*Сергіту сәті* | ұсынады. Балаларсанап, әліппе-<br>дәптердегі №1 тапсырмадағы<br>тиісті орынға тиісті цифрлары<br>бар жапсырмаларды<br>жапсырады. Педагог<br>балалардан сұрайды: – Суретте<br>қайсысы көбірек бейнеленген?<br>– Қыздар ма, әлде ұлдар ма?<br>Проблемалық жағдайды шешу<br>үшін педагог балаларға ұлдар<br>мен қыздарды санаған кезде<br>шыққан сандарды қалай<br>салыстыру керек екенін<br>ойлануды ұсынады. Егер бұл<br>сұрақ балаларда қиындық<br>тудырса, мұғалім былай деп<br>сұрайды: Суретте қанша ұл<br>бала бейнеленген? – Суретте<br>қанша қыз бала бейнеленген? –<br>Қандай қорытынды жасауға<br>болады? Балалар бірдей сандық<br>мәнге санау объектілерінің тең<br>саны сәйкес келеді деген<br>қорытындыға келеді. –<br>«Артық», «кем» деген ұғымдар<br>нені білдіреді? (Бірінші<br>жағдайда санау объектілерінің<br>бірінің саны көп санмен, екінші<br>жағдайда – аз санмен<br>анықталады). – «Сонша» деген<br>ұғым нені білдіреді? Педагог<br>топта оқитын ұл балалардың<br>саны мен қыз балалардың<br>санын салыстыруды ұсынады.<br>**Сергіту сәті**<br>Тәрбиеленушілерге 2-<br>тапсырмадағы цифрларды<br>саусақтарымен жүргізіп,<br>көрсетілген сандар қанша<br>болса, шаршыға сонша нүкте<br>салу ұсынылады. Әліппе-<br>дәптердегі 3-тапсырмада<br>балаларға текшелердің санын<br>санап, текшелерден олардың<br>санына сәйкес келетін цифр | айтып, бір қолымен екінші<br>қолының саусақтарын бір-<br>бірлеп жұмады. Егер<br>саусақтары жетпей қалса,<br>артқа қарай адымдап,<br>қалған отбасыларын<br>атайды. Көп адымдаған<br>балаға «Үлкен отбасы»<br>деген атақ беріледі. Ол<br>бала қалған балаларды<br>бақылаушы болады.<br>**жұмбақ жасырады.**<br>Маған да, саған да,<br>Жақын туыс бес адам.<br>Үш әріптен тұратын.<br>Оңға оқы, солға оқы<br>Өзгермейді еш одан.<br>Бәрі де өз жұртың<br>Айтады, кәне, кім атын?<br>(Ана, апа, аға, іні, ата).<br>**Әліппе-дәптермен<br>жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Педагог:<br>Балалар жұмбақтың<br>жауабында аталған отбасы<br>мүшелерінің<br>есімдерінен У дыбысы<br>естіле ме?<br>Қайталап айтайықшы!<br>1.Отбасы мүшелерінің<br>есімдерінен У дыбысын<br>ізде.<br>Суретте берілген отбасы<br>мүшелері туралы<br>әңгімелейді. Педагогтің<br>көмегімен отбасы<br>мүшелерінің аттарымен<br>атайды.<br>Отбасы мүшелерінің<br>атауларының сызбасына<br>қарап буынға бөліп,<br>дыбыстық талдау<br>жасайды.<br>Отбасы мүшелерінің<br>үлкенін, кішісін<br>анықтайды. Балалар өз<br>отбасылары туралы<br>әңгіме құрады. | біріне айтады. Айтқан<br>көгөністердің аттарын<br>санап отырады, кім көп<br>көгөніс түрлерін білетін<br>болса сол жеңіске же-<br>теді, педагог көгөністің<br>суретін сыйға тартады.<br>Психологиялық оң көңіл<br>күй қалыптастыру<br>мақсатында ҰОҚ<br>«Көгөністер көрмесі»<br>атты ойынмен басталады.<br>Тақтада<br>көптеген көгөністер<br>суреттерінен көрме жасап<br>қойылған.<br>Тәрбиеленушілер базарға<br>барғанда ата-аналарың<br>қандай көгөніс түрлерін<br>сатып алады, естеріңе<br>түсіріңдер.<br>Енді екі бала жұптасып<br>отырады: бір- біріне<br>ата-анасы қандай көгөніс<br>түрлерін сатып<br>алғандығы туралы бір-<br>біріне айтады. Айтқан<br>көгөністердің аттарын<br>санап отырады, кім көп<br>көгөніс түрлерін білетін<br>болса сол жеңіске жетеді,<br>педагог көгөністің суретін<br>сыйға тартады.<br>Жаздай інге тығылып,<br>Жатқан қызыл түлкіні<br>Құйрығынан суырып,<br>Әкелді әкем бір күні.<br>(Сәбіз.)<br>Қанттан ақ, бүйірі тоқ,<br>Жерден алар керегі көп.<br>Киетіні қызыл, жасыл<br>көйлектер,<br>Ол не екен, кәне, достар,<br>ойлап көр! (Пияз.)<br>Осындай көгөністердің<br>құрамында<br>дәрумендер өте көп. Тағы<br>қандай көгөністербар: | -«Жақсылық» деген сөзді қалай<br>түсінесіңдер?<br>-Адамдар бір-біріне қалай<br>жақсылық жасай алады?<br>-Ал өздерің ше?<br>К.Көпішевтің «Өзім жүрем»<br>әңгімесін оқып беру.<br>-Дәурен қандай бала?<br>-Үйлерінде үлкендерге қалай<br>көмектесесіңдер?<br>Тыныштық сәті.<br>Ойын: «Көлеңке»<br>Ғажайып сөздер.<br>Сүйіспеншілік. Жақсылық тілеу.<br>Жақсылық жасау.<br>Сергіту сәті: «Санайық жаңаша»<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш<br>Желбіре жалауша,<br>Достыққа-біздің күш.<br>Бүгінгі сабақта адамдардың<br>әрқашан көңілі таза, пейілі ақ, адал<br>пиғымда болу керектігін ұғындық.<br>Жүректен жүрекке. О.Әубакіровтің<br>«Балдырғандар» әні.<br>Қуанышқа бөленген әр күніміз.<br>Бақыттымыз балалар, барлығымыз.<br>Қ-сы: Өмір тым жайдары,<br>Қызықтың қайнары.<br>Бақшамыз жайнайды<br>Біз –Отанның балдырған<br>ұлдарымыз,<br>Әдептілік, батылдық-ұранымыз.<br><br>**2. Музыка:**<br>**Тақырыбы:**«Пайдалы жемістер»<br>**Мақсаты:** Музыка жанрларын<br>(күй, ән, би, марш) ажырату<br>**Тыңдау:** «Алатау» күйі.<br>(Құрманғазы, «Полька», «Вальс»,<br>«Би әуені» Г.Левкодимова)<br>**Ән айту.** «Жемістердің пайдасы»<br>(Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Торғай, торғай, торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>3-тапсырма.Т әрпімен танысайық. Дәптердегі жұмбақ-өлеңді оқиды. Шешуі: т әрпі екенін айтады. Балалар суретке қарап, өздеріне таныс заттарды атайды. Балалар жұмбақ мазмұнына қарай т әрпінің неге ұқсайтынын айтып, баспа түрімен танысады. Т әрпіне ұқсайтын заттарды атайды.<br>4-тапсырма.Педагог ермексаздан Т әрпінің және О әрпінің бейнесін жасауды көрсетеді.<br>Ермексаздан Т және О әрпінің бейнесін жаса.Әртүрлі түсті ермексаздан жасалған Т және О бейнелерінің суреттері.<br>Сан атаудағы Т әрпінің орнын тап. 5-тапсырма. Берілген сандарды атайды. «Т» әрпінен басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі.Т әрпінің баспа түрін бастырып жазады.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:**«Пайдалы жемістер»<br><br>**Мақсаты:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату<br>**Тыңдау:** «Алатау» күйі. (Құрманғазы, «Полька», «Вальс», «Би әуені» Г.Левкодимова)<br>***Ән айту.*** «Жемістердің пайдасы» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)<br><br>**3. Жаратылыстану:**<br>**Тақырыбы:**« Қандай | жазылған карточкаларға дейін сызық жүргізу ұсынылады. Балалар суретте саны бірдей текшелертобы бар ма деген сұраққа жауап береді. Балаларға карточкадағы текшелерді бояп, оларды осы санға сәйкес келетін цифр жазылған карточкамен сызық арқылы біріктіру ұсынылады<br><br>**2. Сөйлеуді дамыту:**<br>**Тақырыбы:** «Жеміс-жидектер мен көгөністер»<br>**Мақсаты:**Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы. бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану<br>**Шаттық шеңбері**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз,<br>Қызықты іске айналар,<br>Міне біздер қандаймыз.<br>Педагог жұмбақ жасырады:<br>Бұтақта ілініп тұрамын,<br>Піскенде себетке құладым. *(Жеміс)*<br>Әкеміз ала баспақ асырады,<br>Тезірек күз келсе деп асығады.<br>Баспағы бойын шөпке жасырады,<br>Еті қызыл, терісі жасыл әлі. *(Қарбыз)*<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тонын шешсе, жыладық. *(Пияз)*<br>Педагог сабақтың не туралы болатынын табуды ұсынады.<br>Көгөністер мен жемістер несімен пайдалы?<br>Оларды кім өсіреді?<br>Қай мезгілде егеміз, қай мезгілде жинап аламыз?<br>**Топтық жұмыс.** Балалардың қолына көгөніс, жеміс-жидек суреттері таратылып | 2-тапсырма. Педагог өлең жолдарын оқып береді. Балалар мұқият тыңдап, естеріне сақтайды.<br>У – бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс.<br>Педагог У дыбысының дауысты дыбыстан кейін тұрса, дауыссыз болатынын, көк түсті дөңгелекпен, ал дауыссыз дыбыстан кейін естілсе, дауысты болып, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейтіндерін айтып түсіндіреді. Балалар «Тау» сөзін қайталап, дыбыстық талдау жасады.<br>Сөздің неше буыннан тұрғанын айтады. У дыбысының мұнда дауыссыз дыбысының рөлін атқарып тұрғанын біледі.<br>«Су» сөзін қайталап, дыбыстық талдау жасады.<br>Су сөзінде У дыбысының дауысты дыбыс рөлін атқарып тұрғанын біледі.<br>3-тапсырма. У әрпімен танысайық.<br>Күз бейнеленген суретке қарап отырып, балалар күз мезгілі тұралы әңгімелеседі. Күз мезгілінде жапырақтар түсіп ағаштардың бұтақтары көрініп тұрғанын байқайды.<br>Педагог У әрпінің суретін көрсетіп, бұтақтың суретіне назар аудартып, ұқсастықты айтады.<br>Балалар бұтақты саусақ ұшымен бастыра салып, сосын ауада салып | қызылша, орамжапырақ, картоп, тәтті бұрыш т.б. Оларды аналарың тамақдайындағанда асқа қосатынын сендер білесіңдер. Сендердің ең сүйікті тағамдарыңқандай? Оның құрамында қандай дәрумендер болғанын қалайсыңдар? Әліппе-дәптермен жұмыс.Бүгін біз түрлі түсті қағаздардан осындай көгөністерді жасап үйренеміз.<br>*Сергіту сәті:* «Айнаға қарау».<br>**2. Жапсыру:**(Сюжеттік аппликация)<br>**Тақырыбы:**«Достарыма арналған Натюрморт»<br><br>**Мақсаты:** Жырту, қиып алу әдістерімен түрлі ертегілік бейнелер, т.б. жасай отырып, қарапайым заттарды жапсыру.<br>Педагог балаларға көгөніс пен жемістер натюрморты бейнеленген суреттердің репродукцияларын көруге ұсынады.<br>Тәрбиеленушілер жұмбақты шешеді:<br>Егер суретте сен көрсең,<br>Самаурынды үстелдегі,<br>Жүзімді себеттегі,<br>Құмырадағы раушан гүлді,<br>Немесе қола сауытты,<br>Көгөніс, жеміс-жидек, не торт –<br>Ендеше, бұл ... (натюрморт)<br>Педагог балаларды ҰОҚ-нің тақырыбына жақындатады. **Әліппе-** | **3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы**:«Күн тәртібі»<br>Мақсаты: Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтау туралы білімдерін бекіту.<br>**«Тілек шоғы» жаттығуы.**<br>Қолдарына гүл ұстаған балалар дөңгелене отырады. Педагог өзі бастап сәлемдесіп, балалар қолдарындағы гүлді бір-біріне тілек айту арқылы ұсынады. Гүл шоқтары бірте-бірте көбейіп, педагогтің өзіне бір құшақ гүл – «Тілек шоғы» болып оралады.<br>«Өзгелерге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң, ол өзіңе қайтып оралады», – деп, педагог қорытынды жасайды.<br>– Біздің кездесуіміз жақсылық пен денсаулық тілеуден басталды. Ал сендердің күндерің қалай басталады? Таңдарың қалай басталады?<br>*Балалар өз ойларымен бөліседі.*<br>– Кейде үлкендер бір-біріне «сол аяғымен тұрды» деп ескертпе жасап жатады. Ол нені білдіреді?<br>Балалар өз пікірлерімен бөліседі. Педагог балалардың жауаптарын қорытады.<br>**Сергіту сәті**<br>Кел, балалар, кел бері, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларды білесің?»<br>«Қызыл кітаптағы жануарлар дүниесі»<br>**Мақсаты:** Жануардың жанды табиғат бөлігі екендігін анықтау. Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар туралы мәлімет беру.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынай көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>Педагог балаларға бүкіл топ ішінде жайылып қойылған суреттерді жинауды және онда бейнеленгендерді бір сөзбен атап берулерін сұрайды (Жануарлар). Балалар ұсынылған сурет бойынша жанды табиғатқа нелер жататынын болжамдап айтады. ҰОҚ соңында қандай мақсатқа жететіндіктерін анықтайды. Балаларға жануарлардың жанды табиғат бөлігі екендігін ұғындыру.<br>Жануарлар неліктен жанды табиғатқа жатады?<br>Олардың айырмашылықтарын анықтайды. Мекен ететін ортасын айтады.Жануарлар – жанды табиғаттың бір бөлшегі, өсіп-өнеді, қоректенеді.<br>Жанауарлар екі үлкен топқа бөлінеді: үй жануарлары және жабайы жанауарлар.<br>Жабайы жанауарлар – | беріледі.<br>Суреттер бойынша үш топқа бөлінеді.<br>– 1-топтағы балалар, сендер ненің суретін ұстап отырсыңдар? *(Жемістер)*<br>Олардың пайдасын, қайда өсетінін айтады.<br>– 2-топтағы балалар, сендер не ұстап отырсыңдар? *(Көгөністер)*<br>Олардың пайдасын, қайда өсетінін айтады.<br>– 3-топтағы балалар, сендер не ұстап отырсыңдар? *(Жидектер)*<br>Олардың пайдасын, қайда өсетінін айтады.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс:**<br>***1-тапсырма.*** Бағбанға қажетті құрал-сайманды ата.<br>Олар не үшін қажет?<br>**Ойын:** «Затты сипатта».<br>*Шарты:* Тақтаға шыққан балаға қияр мен пияздың суреті жасырын көрсетіледі. Тақтадағы бала заттың бейнесін сипаттап айтады. Басқалары оны табады.<br>*Қияр, пияз* дегенде қандай таныс емес дыбыс бар?<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Теп допты, сол аяқ,<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Теп допты оңай-ақ.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс:**<br>***2-тапсырма.*** Ребусты шеш. Шешуі болған көгөністің суретін сал. *(Қызанақ)*<br>***3-тапсырма.*** Тек қана жемістерді сызық арқылы себетке жина.<br>***4-тапсырма.*** Жұмбақ шешейік.<br>Қалың киімді ұнатады,<br>Шешіндірсең, жылатады.<br>*(Пияз)*<br>Үстіне тігіп көк шатыр, | көрсетеді.<br>Педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды.<br>Сергіту сәті<br><br>4-тапсырма<br>Педагог У әрпінің баспа түрін көрсетеді.<br>Балалар өздеріне берілген моншақты сымға тізіп, У әрпіне ұқсатып жасайды.<br>5-тапсырма<br>Педагог балаларға У дыбысын жасау үшін таяқшаларды қолдануға болатынын айтады.<br>У әрпінің баспа түрін ауада жазып, сосын жұмыс дәптеріне баспа түрін жазады.<br><br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ойын ойнап,денсаулықты нығайтамыз!<br>**(негізгі қимылдар)**<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара-пайым дене аттығулары-мен алмастыру.<br>Балаларға ойынның көмегімен денсаулықты нығайтуды ұсыныңыз.<br>«Қол ұстасып бәріміз,<br>Шеңбер құрып тұрамыз.<br>Солға адымдап жүреміз,<br>Оңға адымдап жүреміз,<br>Ортаға келіп тұрамыз.<br>Бір орында айнала | **альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс.**<br>Балалар суретке қарап, қандай заттардың бейнеленгенін атайды. Суреттегі заттардың қайсысы негізгі болып табылатындығы туралы болжам жасайды.<br>Гүлдер, жеміс-жидектер, көгөністер мен тұрмыстық заттар<br>бейнеленген суреттер натюрморт деп аталады.<br>**Шағын зерттеу**: көгөніс пен жемістердің муляжына қарап, олардың көлемін, пішінін және түсін анықтау.<br>Педагог ауызша көркем сөзді пайдаланып, затқа сенсорлық зерттеу ұйымдастырады. Қию барысында балалар ақырын (немесе ішінен) жұмыс барысының ретін айтып отырады. Педагог балаларды натюрморт жасау үшін не керектігі туралы<br>ойлануға шақырады.<br>**Саусақтарға арналған «Орамжапырақ» жаттығуы.**<br>Бұл қандай сықырлаған үн?<br>*(саусақтарды өзара айқастыра бекітіп, білезікті айналдыру.)*<br>Бұл қандай қытырлаған үн?<br>*(саусақтарды өзара айқастыра бекітіп, алақандарды бір-біріне соққылау)*<br>Мынау қандай түп? (*қолдың саусақтарын тарбитып, алақанды алға созу.)* | Қыздырайық денені.<br>Орнымыздан тұрып-ақ,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Аяқты алға созайық,<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>– Таңғы жаттығу дегеніміз не? Мектепте ертеңгілік жаттығуды не үшін орындау керек?<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>– Сонымен, біз таңертеңгісін не жасаймыз? Күндіз немен айналысамыз? Күн тәртібі дегеніміз не?<br>– Тамақтану күн тәртібі ережесіне қалай әсер етеді?<br>Балалар суреттер арқылы тамақтану туралы айтады, педагог балалардың жауаптарын қорытындылайды.<br>– Өзіңнің мектептегі күнің қалай өтетіні жайлы әңгімелеп<br>бер.<br><br>**4.Вк Ойлаймыз, ойнаймыз**<br>**Тақырыбы:** Таныс фигураларды ата<br>**Мақсаты:** Балалардың көз зердесін қалыптастыру,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Шаттанды балақай.<br>Күз түсті,дән пісті.<br>Айтамыз алғысты.<br>Жер берді жемісті,<br>Күз келді келісті.<br>Күз-байлық,береке,<br>Алтын күз-мереке!<br>Автобусқа мініп "Ғажайып күз бағына" барайық. Көзімізді жұмайық.(музыка ойналады)<br>-Балалар, міне "Ғажайып күз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауда, орманда, далада тіршілік етеді. Олар: аю,қасқыр, түлкі, қоян, барыс, жолбарыс, арыстан.<br>Үй жануарлары деп біз үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Олар мыналар: қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы. Балалардың жануарлар туралы білетін білімдеріне сүйеніңіз.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>1-тапсырма. Жануарларды төлдермен сәйкестендіреді. (2-тапсырма)<br>Ең жылдам жүгіретін, ең жай жүретін, ең биік және ең кішкентай жануарды атау.<br>**Бақылау:**<br>Үй жануарларының тіршілігін бақылау (ит, мысық).<br>Үй жануарларының тіршілігіне бақылау жүргізу (коректенуі, мекен ету ортасы). Балаларға табиғатта көрген жануарларының жанына дөңгелектерді фишкамен белгілеп қою ұсынылады.<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылықтары қандай?<br>Болжамдар.<br>Жабайы жануарлар*:* тістері өткір, етпен қоректенеді.<br>Үй жануарлары*:* үйдің жанында өздеріне арналған баспаналарда өмір сүреді. Шөптекті заттармен қоректенеді.Қорытындылап,<br>мадақтау | Астында қызыл дәу жатыр.<br>*(Қызылша)*<br>қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды.<br><br>3. **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Жеміс пен көгөніс» ертегісі» (сюжетті)<br>**Мақсаты:**Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай-ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу<br><br>**Сабақта оң көңіл күй қалыптастыру**<br>Педагог: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын. Бүгін бізді сиқырлы ертегі<br>күтеді. Сендердің бар нәрседе сәтті болып, күні бойы<br>жақсы көңіл күйде болғандарыңды қалаймын.<br>**(Ұ)** Педагог ертегілер бойынша әңгіме жүргізеді.<br>Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? Қандай ертегілерді білесіңдер? Ертегілер қандай сөздермен басталып,<br>қандай сөздермен аяқталады? Педагог балаларға ертегі айтушы рөлінде болуды ұсынады. Тақырып бойынша<br>өз ертегісін ойлап табады.<br>Өлеңді тыңдап, сендер | Кеудемізді бұрамыз.<br>Күлімсірей, жымыңдай<br>Ойнымызды қайта бастаймыз»<br>Балалар тақпақ мәтініне сәйкес қимылдар орындасын. Ойын-да қауіпсіздік ережесін еске салыңыз. **Құлаққа массаж жасау**<br>1. Құлақты жоғарыдан төмен, артынан және алдынан сипап қыздырудан бастаймыз. Психикалық қысымы жоғары балалар терінің тым сезімтал екенін сезінеді, ал кейбіреулері теріге қысым болғанын байқа-<br>майды, бұл іс-шараны қалыпты қабылдайды.<br>2. Содан кейін құлақтың қалқанын 1, 3, 4 саусақ ұшымен екі жақтан шымшылай жеңіл уқалау.<br>3. Құлақ қызарып, бала жылу сезінгенге дейін уқалаймыз. **Құлаққа массаж жасау**<br>1. Құлақты жоғарыдан төмен, артынан және алдынан сипап қыздырудан бастаймыз. | Сықырламасам, қытырламасам,<br>Мен қалай орамжапырақ боламын! (*саусақтарды айқастырып, доп ұстап тұрғандай домалақтау.)*<br>Біз орамжапырақты тураймыз, (*қол саусақтары қосылған, біресе төмен, біресе жоғары кесіп жатқандай қозғалыстар жасау.)*<br>Біз сәбізді үккіштен өткіземіз (*қолдарды жұдырыққа жұмып, кір жуғандай етіп, бір-біріне ысқылаймыз.)*<br>Біз орамжапырақты тұздаймыз (*екі қолдың саусақтарымен тұздап жатқандай қимылдар жасау.)*<br>Біз орамжапырақты сығамыз! (*қолдарды жұмып ашу).*<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** «Баскетбол ойнаймыз» (Ауада)<br>**(негізгі қимылдар)**<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара-<br>пайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>**Жалпы дамыту жаттығулары (3 мин.) Баяу жүгіру. Кең және қысқа адымдап жүгіру –** қолды құлаштай сермеп,<br>қысқа және жиі адымдай отырып жеңіл жүгіру (1 минут). | бағына" келдік. Мына алма ағашына қарандаршы. Ендеше балалар, алма ағашының алмаларын жинап мына себеттерге салайық. **"Жұмбақты тап"**<br>1.Бой жаза алмай, ойнай алмай<br>Денең мұздап тоңады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады? **(Күз)**<br>2.Таңмен көзін ашады<br>Әлемге нұрын шашады. **(Күн)**<br>3.Тырс- тырс тамады<br>Сайға қарай ағады. **(Жаңбыр)**<br>Күн көргенде пісем дейді,<br>Піскен бойдан түсем дейді.<br>**( Алма )**<br>4. Дөп – дөңгелек доптай,<br>Іші қызыл шоқтай.<br>Дәмін татып көрсең,<br>Одан дәмді жоқтай. **( Қарбыз )**<br>**2-тапсырма: Дидактикалық ойын: "Бақта ма, әлде бақша да ма?" Шарты:** Тақтаға қалташалары бар себет пен ағаштың суреті ілінеді. Балалар жемістерді ағашқа, көкөністерді себетке орналастыруы қажет.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орманда біз жүреміз,<br>Саңырауқұлақ тереміз.<br>Оң жақта,сол жақта,<br>Саңырауқұлақ жан-жақта.<br>Балаларды мадақтап,қорытындылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **В К. Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы: «Ордағы қасқыр»**<br>**Мақсаты:** Жырткыш жануарлар туралы мәлімет беру. Ойынның бөліктерін бекіту. Ойын кезінде шартын бұзбай ойнауды ескерту.<br>болсын! Қарандаршы, бәрің сондай қуанышты, бір-біріне күліп қарап, жайдары, ақжарқын болып түрсыңдар. Бүгін бір-бірімізге мақтау айтайық.<br>-Жабайы жануарлар жайында әңгімелесу. Қоян туралы ертегі айту. Балалардан қандай ертегі білетіндерін сұрау. Жұмбақ жасыру.<br>Орғыған қорқақ, көзі қыли еді,<br>Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді (Қоян)<br>Жұмбақ шешуінен кейін үлгіні талдау. Орындалу ретін түсіндіру.<br>**Сергіту сәті**<br>Отыр аппақ, ақ қоян,<br>Неткен сап сақ бұл қоян.<br>Құлақтары делендеп,<br>Әр дыбысқа еленден.<br>**Саусақты жаттығу**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы қырлы жерлермен,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>- Жасалу сапасына қарай, жақсы жасалған жұмыстарды мадақтау, қортындылау;<br>- қағазбен жұмыс жасауда көлемді пішіндерді берудің ерекшелігіне сәйкес жеке нұсқаулар беріп көмек көрсету<br>**Қорытындылау** | ертегі тақырыбын таба аласыңдар.<br>Дұрыс болса айтқаным,<br>Шапалақта қолыңды.<br>Теріс болса айтқаным,<br>Тарсылдатқың аяқты.<br>Өне бойы жеу керек,<br>Денсаулыққа ол керек:<br>Жеміс-жидек, жұмыртқа,<br>Ірімшік пен айранды.<br>(*балалар шапалақтайды.)*<br>Орамжапырақ жемеңдер,<br>Тәтті емес, ол бекер.<br>Болады жақсы жесеңдер:<br>Шоколад, вафли, кәмпит,<br>Мармелад.<br>*(аяқтарымен тарсылдатады – жоқ, жоқ.)*<br>Тістеріңді жуыңдар,<br>Жатуға дайындалыңдар.<br>Өздеріңмен бірге<br>Төсекке булочка алыңдар.<br>(*аяқтарымен тарсылдатады – жоқ, жоқ.)*<br>**Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.**<br>Қуанышқа қай жемістердің суық реңкті,<br>қайсыларының жылы реңкті екендігін түсіндіріңдер.<br>Досыңмен кеңес те, осы өнімдердің несімен пайдалы екендігін айт.<br>Қыздарға арналған тапсырма:<br>Суреттерге қараңдар.<br>Айсұлу қандай жеміс-көкөніс ертегісін ойлап тапты?<br>Ол неліктен ертегі сюжетіне қара түсті таңдады?<br>Ұлдарға арналған тапсырма:<br>Қуаныш ойлап тапқан ертегіде оқиғалар әрі қарай қалай өрбіді?<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бақшада көп жиек бар,<br>*(Саусақтарын жұмып ашады)*<br>Шалқан да бар, салат бар, | Психикалық қысымы жоғары балалар терінің тым сезімтал<br>екенін сезінеді, ал кейбіреулері теріге қысым болғанын байқа-<br>майды, бұл іс-шараны қалыпты қабылдайды.<br>2. Содан кейін құлақтың қалқанын 1, 3, 4 саусақ ұшымен екі<br>жақтан шымшылай жеңіл уқалау.<br>3. Құлақ қызарып, бала жылу сезінгенге дейін уқалаймыз.<br>**«Тапқыр»**<br>Балалар екі топқа бөлініп, екі сызыққа бір-біріне қарама-қар-<br>сы отырады. Топтардың арақашықтығы шамамен 2 метр. Ойын жүргізуші топтардың бірінің соңғы отырған ойын-шысының қолына доп лақтырып кез келген сөзді айтады, мәселен: «Тере» «-зе!» – деп сөзді жалғастырып допты қарсы<br>отырған балаға лақтырады.<br>**«Қуаласпақ»**<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Санамақ арқылы<br>қуатын адам таңдалады. «1-2-3 – ұстап ал!» – деп белгі беріл-<br>генде, балалар жүгіріп, орындықтарға қарғып шығады (бик-<br>тігі 30 см орындыққа | **«Жеделсаты» – тыныс алуды қалпына келтіру жаттығуы**<br>Алақанды кіндік үстіне қойыңдар.<br>Іші үйдің бірінші қабаты деп елестетіңдер. Одан сәл<br>жоғарыда асқазан – бұл үйдің екінші қабаты. Алақанды<br>сонда жылжытыңыз. Енді алақанды кеудеге қойыңдар, бұл<br>үйдің үшінші қабаты деп ойлаңдар.<br>Дайындалыңдар, қазір «жеделсатымен жүре бастаймыз»:<br>Ауаны бірінші қабатқа, яғни ішке дейін жететіндей терең жұтыңдар. Демді іште ұстаңдар. Ауызбен дем алыңдар.<br>Тағы ішке ауа жұтыңдар, ауа бір қабат жоғары, асқазанға<br>дейін барады. Демді іште ұстап тұрып, ауыз арқылы сыртқа шығарамыз.<br>**Баскетбол** – 5 метр қашықтыққа алға жылжиотырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғу.Нұсқау **–** доп қозғалысын тура алдыңнан емес, өзіңнің бір жағыңа қарай бағыттау (өйткені допқа аяқ тиіп кетуі<br>мүмкін). Егер доп оң қолмен соғылса, оң аяқтың бас<br>жағынан оңға қарай соғылуы тиіс. **«Доп кімде?» қимыл ойыны**<br>Балалар қолдарын артқа | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сұр қоян» әнін бірге айту. Қояндарға қалай қамқорлық жасауға болатынын әр балаға айтқызу.<br>*Қимылдау ойын:* «Қояндар мен аңшылар».<br>Күніміз сәтті болсын! Әдеттегідей сендермен кездесіп тұрғаныма қуаныштымын. Қарандаршы, бәрің сондай қуанышты, бір-біріңе күліп қарап, жайдары, ақжарқын болып тұрсыңдар. Бүгін бір-бірімізге мақта<br>әңгіме лесу. Қоян турал ы ертегі айту. Балал | *(саусақтарын біртіндеп бүгеді)*<br>Қызылша мен бұршақ та,<br>Ал картошка жаман ба?<br>Азық болар баршаға<br>*(алақан соғады)*<br>Көгөністер бақшада.<br>Сендер неліктен нақ осы түстерді қолдандыңдар?<br>Сендердің жұмыстарыңда қай түстерді жылы деп атауға болады?<br>Қай түстер суық түстерге жатады?<br>Қорытындылапр,мадақта у.<br><br>**4. Орыс тілі:**<br>Тема: «Солнце,воздух и вода–наши лучшие друзья.»<br>**Цель:** Использовать в речи новые слова по лексическим темам.<br>Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.<br>Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.<br>**Организационный момент.**<br>Солнышко, солнышко, я тебя люблю,<br>Солнышко, солнышко, я тебя прошу,<br>Дай ты мне, солнышко, мира и добра,<br>Дай ты мне, солнышко, здоровья и тепла.<br>**Что в природе называют лучшими друзьями человека?** | бірнеше қадам аттап барып, бір аяқты серпу арқылы қарғу).<br>Қуғыншыдан қашып бір орындықтан екінші орындыққа се-кіріп шығады. Қолға түскен бала ойыннан шығады. Аз уақыт ішінде көп баланы ұстап алған қуғыншы ең ептісі болады.<br>**3. Көркем әдебиет:**<br>**Тақырыбы:**« Дені саудың –жаны сау»<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту,сыбырлап және қатты айту.<br><br>**4. Мүсіндеу:** (Сәндік мүсіндеу)<br>**Тақырыбы:**«Ақ дастарқан үстіне, әдемі табақ сән берген (ою өнері)»<br>**Мақсаты:** Пластикалық, конструктивтік және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ жасау.<br>**Табақ** – қазақтың ұлттық ыдыстарының бірі. Ет салатын жайпақ ыдыс. Бас табақты ақсақалдар мен сыйлы кісілерге | жасырып, дөңгелене тұрады.<br>Ортада көзі жұмулы ойын бастаушы тұрады. Ол кішкентай<br>допты шеңберде тұрған балалардың біріне береді.<br>Балалар байқатпай допты арқадан қолдан-қолға өткізеді.<br>Ойын бастаушы көзін ашып, доптың кімде екенін табуға тырысады. «Сәуле, қолыңды көрсет!» – деп балалардың<br>бірінен сұрайды. Ол қолын көрсетеді де, қайтадан арқаға<br>жасырады. Допты қолда ұзақ ұстауға болмайды, ойын<br>бастаушыға балалардың қатарынан сұрауға болмайды.<br>Егер бастаушы доптың кімде екенін тапса, сол ойыншы<br>ортаға шығып ойынды жалғастырады.<br><br>**4.В К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы:** Уақыт реттілігін анықтау.<br>**Мақсаты:** Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.<br>— Амансың ба, Алтын күн,<br>Жарқыраған жарқын күн.<br>Маған мейірім мен шуақ бер,<br>Қуаныш пен бақыт бер.<br>Балалар қолдарынан ұстап, бір-біріне күлімсірей қарайды.<br><br>Қане, балалар орнымызға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ардан қандай ертегі білетіндерін сұрау. Жұмбақ жасыру. Орғығ | Природа создала волшебные подарки для людей.<br>Нас солнца луч смешит и дразнит,<br>Нам нынче весело с утра.<br>И вместе с нами всюду рядом<br>Наши лучшие друзья:<br>Солнце, воздух и вода!<br>**Работа в азбуке-тетради.**<br>**Задание №1. Рассмотри картинку. Послушай и запомни лучших друзей.**<br>**( Задание №2. Какую пользу приносят солнце, воздух и вода?**<br>Педагог предлагает рассмотреть картинку в азбуке-тетради, запомнить новые слова.<br>Солнце, воздух и вода –<br>Наши лучшие друзья.<br>С ними будем мы дружить,<br>Чтоб здоровыми нам быть.<br>**Вода – дар природы.** Ни растения, ни животные, ни че-<br>ловек не могут жить без воды. Растения дают нам пищу,<br>витамины, необходимые для укрепления здоровья. Чело-<br>век не может долго обходиться без воды.<br>**Главный совет:** «Как можно чаще пользуйся водой!»<br>Умывайтесь, обливайтесь, купайтесь, пейте на здоровье!<br>**Следующий подарок природы – чистый воздух!**<br>Чтобы жить, нам нужно постоянно дышать | тартады.<br>Ермек: Анам үйге қонақ шақырғанда етті осындай табаққа салып береді.<br>**Балалардың өмірден көрген-түйгенін анықтау:**<br>– Күн сайын дастарқанның басында сенімен бірге<br>кімдер жиналады?<br>– Отбасы мүшелерін атап көрсет.<br>– Табақтағы өрнектер қалай аталады? (Ою-өрнек)<br>– Табақтағы ені әртүрлі жолақтардан, басқа да<br>үйлесімді элементтерден көмкеріп жасалған ою-<br>өрнектер қалай аталады?<br>**Әліппе-альбоммен жұмыс.**<br>Иллюстрацияларды қарап шығады, ою-өрнек элементтерін және олардың орналасу реті туралы айтып береді.<br>Тәрбиеленушілер ҰОҚ-інде не туралы айтылатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындайды.<br>**Табақтың бетіне ұсақ бөлшекті жапсыру арқылы әшекейлеу** | отырамыз.<br>— Балалар мен қолымдағы сырнайды әуенді ойнағанда ғажайып сәт болады, соны тамашалайық. (Әуен ойнайды, қоржынна жылан шығады.)<br>— Балалар қоржынды ашайықшы, ішінде не бер екен көрейік (қоржын ашылады)<br>— Қоржынның ішінде суреттер бар екен, қане, балалар алып тақтаға ілейік.<br>— Балалар біз жылдың қай мезгілін<br>құрастырдық?<br>— Қане, балалар кім қыс туралы әңгіме айтып береді?<br>— Өте жақсы, балалар!<br>— Қане, балалар қоржында тағы қандай тапсырма бар екен, қарайық.<br>— Балалар қоржында тағы не бар екен?<br>Балалар бір-бірлеп үй жануарлары туралы сипаттап айтып береді<br>— Балалар, кім айтады, мысық қалай дыбыстайды?<br>Ит қалай дыбыстайды?<br>Әтеш қалай дауыстайды?<br>Олай болса біз ойын ойнайық.<br>Қимылды ойын: «Соқыртеке»<br>Дидактикалық ойын: «Не артық?»<br>Мақсаты: Көре білу, байқау қабілеттерін дамыту, өз сөздерінің дұрыстығын дәлелдеу.<br>Балалар әр суреттерге зер салып қарайық,не артық соны атаңдар?<br>— Балалар, сендер тапқыр, ақылды балалар екенсіңдер, сендер менің тапсырмамды орындадыңдар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ан қорқақ, көзі қыли еді, Қыспен жазда екі түрлі тон киеді | воздухом.<br>Он нам нужен, чтобы дышать,<br>Чтобы шарик надувать.<br>С нами рядом каждый час,<br>Но невидим он для нас!<br>Чистый воздух оберегает от болезней, а загрязненный – вредит.<br>**Динамическая пауза.**<br>Дует свежий ветерок,<br>И качается цветок.<br>Головку наклоняет,<br>Бутончик распускает,<br>Водички свежей он попьет<br>И красиво зацветет.<br>Рассказывает о солнце.<br>Ты весь мир обогреваешь<br>И усталости не знаешь,<br>Улыбаешься в оконце<br>И зовут тебя все … солнце.<br>Солнце – источник света и тепла. Оно греет. Дает тепло.<br>А кому оно дает свое тепло?<br>*(Животным, растениям, людям.)*<br>Что мы делать любим летом на солнышке?<br>*(загорать, греться)* От солнышка всем светло, весело и тепло.<br>**Пальчиковая гимнастика «Дождик».** | **тәсілін түсіндіру:**<br>1. Алдымен ермексаздан жайпақ ыдыс жасап аламыз. Бұл – табақ.<br>2. Бір үзік ермексазды ширатамыз.<br>3. Оны кескішпен ұсақ дөңгелектерге бөліп, сопақша, ромб, үшбұрыш немесе шаршы пішіндер жасаймыз. Содан ою құрастырамыз.<br>4. Кертпелер жасап, бөлшектерді қылқаламның көмегімен сулаймыз. Оларды тиісті орнына орналастырамыз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Қоян) Психожаттығу. әңгімелесу. Қоян туралы ертегі айту. Балал | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ардан қандай ертегі білетіндерін сұрау. Жұмбақ жасыру. Орғығ | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ан қорқақ, көзі қыли еді, Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Қоян) | | | | |
| **Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар** | **Қимылды ойын:**<br>**Доп кімде?**<br>**Мақсаты** : шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Дид.қ ойын**<br>**«Нені қайдан алуға болады?»**<br>**Мақсаты:** Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. | **Дид.қ ойын:**<br>**«Ненің төлі жоқ?»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу. | **Сюжетті рольді ойын**<br>**«Аурухана»**<br>**Мақсаты**: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу. | **«Сыңарын тап»**<br>**Мақсаты:** Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек** | **Серуен №6**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Серуен № 7**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>**Мақсаты**: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау. | **Серуен №8**<br>**Итті бақылау**<br>**Мақсаты**:Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу | **Серуен №9**<br>**Суды бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі судың жай –күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. | **Серуен №10**<br>**Алғашқы қарды бақылау**<br>**Мақсаты**: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың оқу қызметіне көңіл бөлуі. | Балаларының оқу іс - қызметіне көңіл бөлу | Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау | « Сіздің балаңыздың жетістігі» Балалардың ата-анасымен сөйлесу | Ата-анамен сөйлесу.Балалардың тәртібін айту. |